

## **Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округінің Қаражар ауылының аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 34 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 наурызда № 6848 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 148 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі әкімінің 18.11.2021 № 148 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бәйтерек аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 16 ақпандағы №1-28-44 ұсынысы негізінде, Переметный ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі Қаражар ауылының аумағына мүйізді ірі қара малы арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Т.Умбеткалиева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Р. Кадыров*